

Түсті: 07.04.2026 Мақұлданды: 21.04.2026 Онлайн қолжетімді: 23.04.2026

MPHTI 10.87.27

DOI: <https://www.doi.org/10.32523/2791-0954-2026-17-1-17-29>

## **Кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылық құқықтарының қорғалуы: мәселелері мен перспективалары**

**Ергалимова Ақбопе Нұрмұханбетқызы**

Халықаралық құқық магистрі,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті докторанты

Астана, Қазақстан

e-mail: [akbope\\_80kz@mail.ru](mailto:akbope_80kz@mail.ru)

**Аңдатпа.** Кәмелетке толмаған балалардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғау, соның ішінде жыныстық қолсұғылмаушылық құқықтарының бұзылмауын қамтамасыз ету бүгінгі таңдағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Соңғы уақыттарда қоғамда жиі орын алып отырған балаларға қатысты жыныстық сипаттағы қылмыстардың өсу үрдісі көтеріліп отырған мәселенің өзектілігін айқындай түседі. Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау саласында халықаралық нормаларға сәйкес бірқатар ұлттық деңгейдегі нормативтік құқықтық актілер қабылданып, институционалдық қорғау тетіктері қалыптастырылғанына қарамастан олардың қоғам мен отбасындағы қауіпсіздіктерінің сақталмау мәселесі әлі де өзектілігін жоймай тұр.

Мүмкіндігі шектеулі балалар еліміздегі кәмелетке толмаған балалардың маңызды тобын құрай отырып мемлекеттің ерекше назарын қажет етеді. Ресми мәліметтерге назар аударатын болсақ елімізде бүгінгі күні 109,5 мың кәмелетке толмағандар өмір сүруде. Байқағанымыз оларды қылмыстық құқықбұзушылықтардан қорғауды тиімді жүзеге асыру мәселесіне арналған ғылыми-зерттеулер жоқ, ал құзіретті мемлекеттік органдар тарапынан бұл мәселені арнайы жүйелі қадағалау деңгейі төмен. Бұл кемшіліктер кәмелетке толмағандарға, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балаларға қатысты орын алатын қылмыстық құқықбұзушылықтардан сақтандыру мен бұндай қауіпті әрекеттерге қарсы қимыл шараларын арттыру қажеттілігіне алып келіп соғады.

Мақала авторларымен кәмелетке толмағандар мен ерекше санаттағы кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылықтарына нұқсан келтіретін қылмыстық әрекеттердің орын алуына ықпал ететін себептер зерттеліп, олардың құқықтарын қорғау мен жақсарту жолдарына ұсыныстар беріледі.

**Түйін сөздер:** кәмелеттік жасқа жетпегендер, жыныстық қолсұғылмаушылық, жыныстық негіздегі күш көрсету әрекеттері, Халықаралық денсаулық сақтау ұйымы, ерекше қажеттіліктері бар бала, Бала құқықтарына қатысты халықаралық құжат.

## Protecting the sexual rights of minors: problems and prospects

**Yergalimova Akbope**

Master of International Law,

Doctoral student at the L.N. Gumilyov Eurasian National University

Astana, Kazakhstan

e-mail: [akbope\\_80kz@mail.ru](mailto:akbope_80kz@mail.ru)

**Annotation.** Protecting the rights, freedoms, and legitimate interests of minors, including ensuring their sexual integrity, is a priority of modern public policy. The increasing number of sexual crimes against children underscores the urgency of this problem. Despite the adoption of national regulations in line with international standards and the development of institutional protection mechanisms, issues related to ensuring their safety in society and the family remain unresolved. Children with disabilities constitute a significant group of minors. Although official statistics indicate that this category of children accounts for a significant proportion (as of today - 109.5), comprehensive scientific research on their criminal protection and specialized systematic oversight by government agencies are insufficient. This, in turn, necessitates strengthening measures to protect and prevent criminal acts against minors, including children with disabilities.

The authors of the article analyze the causes of crimes against the sexual integrity of minors, including children with disabilities. Based on the results of the study, they propose areas for improving criminal law mechanisms for protecting the rights and legitimate interests of this category of children.

**Keywords:** Non-adult population, protection of sexual dignity, child welfare institutions, sexual exploitation and abuse, World Health Organization, child in need of special care and support due to disability, UN treaty on children's rights.

## Защита прав половой неприкосновенности несовершеннолетних: проблемы и перспективы

**Ергалимова Ақбопе Нұрмұханбетқызы**

Магистр международного права,

докторант Евразийского национального университета имени

Л.Н.Гумилева

Астана, Казахстан

e-mail: [akbope\\_80kz@mail.ru](mailto:akbope_80kz@mail.ru)

**Аннотация.** Защита прав несовершеннолетних и обеспечение их сексуальной неприкосновенности являются одним из ключевых направлений политики государства. Увеличение количества преступлений сексуального характера в отношении детей свидетельствует о высокой актуальности данной проблемы. Несмотря на принятие национальных нормативных правовых актов в

соответствии с международными нормами и формирование институциональных механизмов защиты, вопросы обеспечения их безопасности в обществе и семье остаются нерешенными. Дети с ограниченными возможностями здоровья составляют значительную группу несовершеннолетних и требуют особого внимания со стороны государства. Несмотря на то что официальные статистические данные свидетельствуют о значительной численности данной категории детей (на сегодняшний день-109,5 тыс.), комплексные научные исследования по вопросам их уголовно-правовой защиты, а также специальный систематический надзор со стороны государственных органов осуществляется на недостаточном уровне, что негативно отражается на эффективности обеспечения их прав и законных интересов.

Авторы статьи анализируют причины совершения преступлений против сексуальной неприкосновенности несовершеннолетних, включая детей с ограниченными возможностями здоровья. По результатам проведенного исследования предлагаются направления совершенствования уголовно-правовых механизмов защиты прав и законных интересов данной категории детей.

**Ключевые слова:** несовершеннолетние, половая неприкосновенность, сексуальное насилие, Всемирная организация здравоохранения, ребенок с особыми образовательными потребностями, Конвенция о правах ребенка.

### **Кіріспе.**

Елімізде кәмелетке толмағандардың құқықтарын жақсарту мен оларды зорлықтың барлық нысанынан қорғау назардан тыс қалмаған. Ұлттық статистика бюросы 2024 жылы елімізде 6 841 527 бала бар деген мәліметті ұсынған (халық санының 34,1 пайызы). Қыз балалар бұл көрсеткіштің 3,3 млн., ұл балалар-3,5 млн. құраған. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізіп, өзін демократиялық және құқықтық мемлекет етіп тұрақтандырған уақыттан бері балалардың құқықтарын қорғау мәселесі күн тәртібінен түспеген. Бұл салада мемлекетте шамамен алғанда 45-ке жуық нормативтік-құқықтық акт қабылданса, өзге мемлекеттермен жасалған келісімдер саны 15-тен асып жығылған. Олардың ішінде 1948 жылдың 10 желтоқсанындағы БҰҰ Бас Ассамблеясының Адам құқықтарының жалпыға ортақ Декларациясы, 1966 жылдың 16 желтоқсанындағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пактісі және 1985 және 1989 жылдардағы балалардың құқықтарын баянды еткен Декларация мен Конвенция бар.

Аталған халықаралық Пактінің 24-бабының 1-тармағында әрбір баланың нәсіліне, тіліне, дініне, шыққан тегі немесе әлеуметтік жағдайына қарамастан, отбасы, қоғам және мемлекет тарапынан жан-жақты қорғауға құқылы (International Covenant on Civil and Political Rights) екені нақты жазылған. Құжатта: «аталған құқықтарды толығымен әрі теңдей қамтамасыз ету үшін мемлекеттерге қажетті шараларды іске асыру» (International Covenant on Civil and Political Rights) міндеттемесі де жүктелген.

1985 жылы 20 қарашада қабылданған Бала құқықтары туралы Декларациясының Кіріспесі: «балалардың өздеріне тиісті құқықтарды, еркіндіктер мен игіліктерді мүмкіндігінше толық пайдаланып, сол арқылы жеке тұлға болып қалыптасуларына себепкер болу үшін балалардың ата-аналарын, мемлекеттік билік органдары мен барлық үкіметтік емес ұйымдарды осы мақсатта мүмкіндігінше барлық заңнамалық шараларды қабылдауға және оларды тиісінше жүзеге асыруға» (Convention on the Rights of the Child) үндейді.

18 жасқа толмаған әр адам-бала болып саналады (Convention on the Rights of the Child). Бұл тұжырым Бала құқықтары туралы Конвенцияда көрініс тапқан (1-бап).

Балаларды жыныстық қанау мен зорлық-зомбылықтың барлық түрінен қорғау міндеттемесі Конвенцияның 34-бабында баяндалған. Бұл міндеттемінің орындалуын қамтамасыз ету үшін мемлекеттер балаларды жыныстық қызмет көрсетудің кез-келген түріне итермелеу мен мәжбүрлеу, оларды ақылы жыныстық әрекеттерге пайдалануға жол бермеу, балаларды әдепсіз бейнелерде пайдалану әрекеттерінің жолын кесу мақсатында қажетті заңнамалық шараларды қабылдаулары қажет (Convention on the Rights of the Child).

Сандық технологиялардың қарыштап дамуына байланысты пайда болған жаңа қатер мен қауіптер балалардың құқықтарын қорғаудың маңыздылығын арттыра түсуде. Ғаламтор көмегімен іске асатын жыныстық сипаттағы құқықбұзушылықтар, цифрлық кеңістіктегі қанау оқиғаларының жиілеуі қолданыстағы құқықтық тетіктерді қайта қарап, одан ары жетілдіруді қажет етеді. Зерттеудің нәтижелері еліміздегі бала құқықтарын қорғау саласындағы заңнамалық негіздің халықаралық құқық ұсынған стандартқа сәйкес келетіндігіне қарамастан кедергілер іске асыру тетіктерінің тиімсіздігінде екенін көрсетеді. Негізгі мәселелер балалардың құқықтарына қол сұғумен ұштасатын қылмыстардың алдын алуға бағытталған шараларды ұйымдастырудағы жүйесіздік, құзыретті мемлекеттік органдардың іс-қимылындағы ведомствоаралық байланыстардың жоқтығы сынды олқылықтармен сипатталады. Осыған байланысты балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру үшін сандық қауіпсіздікке бағытталған арнайы бағдарламалар құрастыру, ата-аналар мен педагогтердің құқықтық сауаттылығын арттыру, балалардың құқықтарының сақталуына жүргізілетін бақылау мен мониторинг жұмыстарын күшейту қажет.

### **Материалдар мен әдістер.**

Мақаланы жазу барысында авторлар әлеуметтік құқықтық, статистикалық, функционалдық зерттеу және логикалық әдістерді қолданады.

Әлеуметтік-құқықтық зерттеу әдістерін қолдану арқылы авторлар қоғамдағы жыныстық қылмыстар динамикасы мен қылмыстылыққа себеп болатын жағдайларға талдау жасады. ҚР Бас прокуратурасының ресми қайнар көздеріндегі мәліметтерді статистикалық зерттеу әдісі арқылы зерттеу жасөспірімдердің жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы орын алатын

қылмыстық құқықбұзушылықтардың динамикасы мен өзектілігін дәлелдеуде қызмет етті. Авторлармен қолданылатын функционалдық зерттеу әдісі зерттеудің нысаны болып отырған мәселеге қатысты ұлттық заңнаманы жетілдіру үшін ұсыныстар енгізуге тікелей әсерін тигізді.

### **Нәтижелер мен талқылау.**

Балалық шақ-баланың психологиялық және физиологиялық тұрғыдан дәрменсіз екендігін сипаттайтын адам өмірінің нақты кезеңі. Кәмелетке толмаған адамның қорғансыз күйін пайдаланып, оған қатысты жасалатын жыныстық сипаттағы кез келген әрекет жыныстық зорлық-зомбылық ретінде қарастырылады. М. Краеваның пікірінше, мұндай зорлық – ересектердің өз жыныстық қажеттіліктерін өтеу немесе қаржылай пайда табу мақсатында баланы жыныстық мазмұндағы бейәдеп іс-әрекеттерге тартуы болып табылады (М.Ю. Краева, Л. Э., 2017, 130с.). Баланың бойында қорқыныш ұялату, олардың ізіне түсіп аңду, бейәдеп әрекеттер көрсету жолымен зорлауға әрекет жасау немесе жыныстық қатынасқа түсу оларға қатысты орын алатын жыныстық зорлық-зомбылық ұғымын құрайды. Жыныстық күш қолдану әрекеттері тек жақын (интимдік) қатынастан ғана емес, денсаулыққа түрлі дәрежедегі зиян келтіру, қорлау, жұқпалы ауруларға душар ету, өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу сияқты кәмелетке толмаған баланың психикасының тұрақты дамуына кері әсерін тигізетін қосымша қылмыстық әрекеттерді де қамтиды.

Кәмелетке толмаған балалардың психикалық және физикалық ерекшеліктері: ақыл-ойдың толыспауынан қорғансыздық пен қорқыныш сезімдеріне бойы алдыруы, физикалық күш-қуатының аздығынан өзіне төнген қауіпке тойтарыс беру мүмкіндігінің аздығы, төнген қауіпке шынайы баға бере алмауы секілді факторлар бұл құқықбұзушылықтың латентті жағдайда қалуына алып келіп соғады. Ал мақаланың арқауы болып отырған мүмкіндігі шектеулі балалардың денсаулық жағдайындағы ерекшеліктер олардың осындай қылмыстардың оңай нысанасына айналу қаупін арттыра түседі. Жасының немесе/және денсаулық жағдайының ерекшеліктеріне байланысты, мысалы, психикалық және менталды дамуы артта қалған, тірек-қимыл аппараттарының бұзылыстары бар мүмкіндігі шектеулі балалар өздеріне қатысты орын алған бұндай қылмыстар туралы ата-анасына, жақын туыстарына хабарлауға мүмкіндіктері жоқ.

Соңғы уақытта отбасылық ортада, атап айтқанда, балаға туған әкесі немесе анасының азаматтық некедегі серіктесі тарапынан жасалатын жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық жайлы жағымсыз жаңалықтар жиі естіліп жүр. Орын алған қылмыстардың күзіретті органдарға хабарланбай, «жабулы қазан» күйінде қалуына анасының баланың сөзіне сенгісі келмей ер азаматты іштей ақтап алуы, не қоғамның алдында «масқара» болудан қорқуы, материалдық жағынан осы ер адамға тәуелді болуы себеп болып жатады. Кәмелетке толмаған балаларға қатысты жасалынатын жыныстық зорлық-зомбылық әрекеттері – бүгінгі қоғамның кеселіне айналды десек артық айтпаған болармыз.

Кәмелетке толмаған балаларға қатысты орын алатын жыныстық зорлық-зомбылық әрекеттері ауыр физиологиялық және психологиялық салдарлар тудыратындығымен де ерекшеленеді. Осындай әрекеттерден жапа шеккен балаларда жиі өз-өзіне қол жұмсау немесе қол жұмсауға әрекеттер жасау, ашушаңдыққа бой алдыру, өзі қатарлас құрбы-құрдастарынан бөлектену, сабаққа деген зейінінің төмендеуі немесе сабаққа барудан мүлде бас тарту, орын алған қылмысқа деген өзінің ішкі қарсылығын қоғамдық мораль мен нормаларға сай келмейтін жат топтарға қосылу арқылы түрлі құқықбұзушылықтарға қатысу арқылы көрсетуге тырысу, өзін-өзі қабылдамау, тіпті жыныстық бағдардың өзгеруі сынды бұзылыстар жиі байқалады.

Бала құқықтарын қорғау Мемлекет басшысының да үнемі назарында, 2023 жылғы халыққа жолдауында Қ.Тоқаев еліміздегі әрбір баланың балалық шағы қауіпсіз әрі бақытты болуы үшін оларға қатысты орын алатын кез-келген сипаттағы зорлық-зомбылық үшін қатаң жаза қолдану қажеттігін атап өтті («Касым-Жомарт Тоқаев: Экономический курс Справедливого Казахстана»). 2022-2024 жылдар аралығында елімізде кәмелетке толмағандарға қатысты орын алған құқықбұзушылықтар туралы алынған зерттеу деректері бұл мәселенің Президент назарына кездейсоқ ілінбегенін көрсетті. Кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығын бұзу фактілері бойынша құзыретті органдарда тіркелген істердің 706-сы 2022 жылы, 858-і 2023 жылы, ал 899-ы 2024 жылдың үлесіне келген. Байқап отырғанымыздай бұл алаңдатарлық үрдіс кемудің орнына жыл санап арта түскен.

Медициналық көмекті көрсетуді жетілдіру Орталығы бас маманының мәліметінше: «2019 жылы елімізде 15-17 жас аралығындағы 1651 жүкті қыз балалар тіркелген» (Абдраманова Н. К., Алауханов Е.О., 2023, С. 9). Н. Абдраманованың ойынша, ресми тіркелген деректер нақты жағдайды толық көрсетпеуі мүмкін. Ол жыныстық зәбір көріп, бірақ жүктілік фактісін жасыруға немесе жүктілікті жасанды жолмен тоқтатуға тырысқан қыз балалардың көп жағдайда есепке алынбайтынын айтады. Сондай-ақ, кейбірі жаңа туған нәрестесін тастап кетуі немесе басқа жолмен одан бас тартуы да мүмкін екенін атап өтеді. Оның пікірінше, 2019 жылы 1651 жасөспірім қыз жүктілікпен есепке алынғанымен, ресми статистикада небәрі 794 жыныстық сипаттағы қылмыс тіркелгені көрсетілген (Абдраманова Н. К., Алауханов Е.О., 2023, С. 9). Кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы жасалынатын қылмыстар жоғары латенттілікке ие деген пікірмен бізде толығымен келісеміз (Ергалимова А.Н., 2023, С. 94).

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, жыл сайын шамамен 5-19 жас аралығындағы 16 миллион қыз жүкті болып босанады, бұл әлемдегі барлық туудың 11% құрайды. Мұндай жағдайлардың 95 % табысы төмен және орташа елдерде анықталған. Бұл жағдайда жүкті болған қыздардың 30% жүктілікті жасанды жолмен үзсе, 14% түсік тастаған, ал 56% ерте жаста ана атанған. Жүкті болған қыздардың 72% мектеп жасында болса, әрбір 3 жағдайдың 2-інде бала некесіз дүниеге келген.

Кәмелетке толмағандардың бір бөлігін ерекше қажеттіліктері бар балалар құрайды. ЮНИСЕФ деректеріне сәйкес, 2021 жылы әлем бойынша осындай мәртебеге ие шамамен 240 миллион бала болған. Ал БҰҰ ұсынған мәліметтер бұл мәселенің салмағын одан әрі айқындайды: «қалыпты өмір сүріп, дамулары үшін қажетті жағдайлар жасалмауы себебінен әлемде 5 жасқа дейінгі 10 миллион бала кәмелеттік жасқа толғанға дейін қайтыс болады немесе физикалық я психикалық ауруға шалдығады» (Алисиевич Е.С., 2012, 431 с.).

2025 жылдың 1-қаңтарындағы мәліметтер еліміздегі мүмкіндігі шектеулі балалар санының 114,727-ге жеткендігін анықтайды. Елімізде мүгедектікті тағайындау шарттары, мерзімдері мен тәртібі ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы «Медициналық - әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» № 260 бұйрығына сәйкес іске асырылады. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы ағза функциясының бұзылуы бойынша мүгедектігі бар балаларды соматикалық (ішкі органдары қызметінің бұзылыстары) бұзылыстары бар (бүгінгі таңда 2506 бала), тірек-қимыл аппараты бұзылыстары бар (бүгінгі таңда 3072 бала), көру қабілеті бұзылған (бүгінгі таңда 1222 бала), есту қабілеті бұзылған (бүгінгі таңда 903 бала), сөйлеу қабілеті бұзылыстары бар (бүгінгі таңда 1889 бала), интеллектуалдық (менталдық) дамуында бұзылыстар бар (бүгінгі таңда 2214 бала), психикалық бұзылыстары бар бар (бүгінгі таңда 2109 бала) мүгедек балалар деп 7 топқа бөліп қарастырады (Распределение детей с инвалидностью по нарушениям функций). Қазіргі уақыттағы көрсеткіштерге сүйенетін болсақ тірек-қимыл аппараты бұзылыстары бар балалар мүгедек балалардың негізгі көпшілігін құрап отыр (3072 бала).

Балаларға мүгедек белгілеу үшін баланы медициналық-әлеуметтік сараптамадан өткізеді. Медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысы бойынша 7 жасқа дейінгі балаларға «мүгедектігі бар бала» мәртебесі беріледі, ал 7 мен 18 жас аралығындағы балалар мүгедектік деңгейіне қарай бірінші, екінші немесе үшінші топқа жатқызылуы мүмкін. Бұл мәртебе баланың денсаулық жағдайына, диагнозының күрделілігіне және оңалту әрекеттерінің нәтижесіне байланысты әртүрлі мерзімге — алты айдан бастап бес жылға дейін немесе сәйкесінше 7 не 18 жасқа толғанға дейін белгіленуі мүмкін. Мүгедектік мәртебесі аяқталған соң, баланың жағдайы қайта сараптамадан өткізіледі. Ол кезде мүгедектік\мүгедектік тобы белгіленген баланың денсаулық жағдайындағы өзгерістер, оңалту шараларының тиімділігінің болған-болмағандығы сарапқа салынып, мүгедектікті белгілеу қажеттілігі бар не жоқтығы мәселесі шешіледі (Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы №260 бұйрығы). Осы тұста бізді алаңдатқан мәселе-мүгедектік тағайындалған баланың келесі қайта куәландыру мерзіміне дейінгі кезеңде бақылаусыз қалатындығы. Ерекше қажеттіліктері бар балалардың физикалық немесе\және психикалық бұзылыстарының ауырлық дәрежелері әртүрлі сипатқа ие. Менталдық немесе қимыл-қозғалыстарының күрделі бұзылыстары бар

балалардың жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерінің жеңіл нысанасына айналу қаупі жоғары. Ауыр дәрежедегі церебральді сал ауруымен ауыратын, керек немесе мылқау балалардың едәуір бөлігі еліміздегі инклюзивті білім беру жүйесінен шеттетіліп қалғаны жасырын емес. Олар психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияның (ПМПК) шешімімен үй жағдайында оқытылып немесе арнайы мекемелерге жіберіледі. Мұндай оқшауланған ортада балаға қатысты күш көрсету әрекеттері — ата-ана, туыс, немесе оқу мекемесінің қызметкерлері тарапынан жасалса да, уәкілетті органдар бұл туралы дер кезінде біле алмауы ықтимал. Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасы комитетінің ресми сайтындағы құзыретті органдардың арнайы есептерінде мүмкіндігі шектеулі балалар санаты балалардан жеке бөліп қарастырылмаған. Осы себептен оларға қатысты орын алатын қылмыстық құқықбұзушылықтардың нақты саны мен сипатын анықтау мүмкін емес. Бұл зерттеліп отырған тақырыптың өзектілігін айқындап қана қоймай, мүмкіндігі шектеулі балалардың қылмыстық-құқықтық қорғалу дәрежесін жетілдіру қажеттігін көрсетеді деп ойлаймыз.

Жыл сайын әлемдегі 2 - 17 жас аралығындағы әрбір екінші бала зорлық – зомбылықтың белгілі бір түрінен зардап шегеді. 2 - 4 жас аралығындағы 300 миллионға жуық балалар жүйелі түрде өздерін тәрбелеушілер (бұл жерде тәрбелеушілер ұғымына мұғалімдер, балабақша қызметкерлері, тіпті ата-анада жатқызылуы мүмкін) тарапынан қатаң зорлық-зомбылыққа ұшырайды. 11-15 жас аралығындағы мектеп оқушыларының үштен бірі өздері құралыптас балалар тарапынан әлімжеттікке ұшыраса, 20 жасқа дейінгі 120 миллион қыз бала мәжбүрлі жыныстық қатынастың қандай да бір түрінен зардап шеккен. Әлемдегі әрбір төртінші бала интимдік серіктесінің (баланың өз әкесі, өгей әкесі, анасының бірге тұратын көңілдесі т.с.с) зорлық-зомбылығының құрбанына айналған анасымен бірге өмір сүруге мәжбүр. Әртүрлі зерттеулердің нәтижелері балаларға қатысты жасалатын жыныстық және физикалық зорлық-зомбылықтың басым бөлігі — шамамен 69 пайызы — отбасылық ортада, атап айтқанда, алкоголь немесе есірткі заттарын жиі пайдаланатын, әлеуметтік және мәдени жағдайы төмен ересектердің тарапынан орын алатынын көрсетіп отыр. Әлеуметтік аз қамтылған, алкоголь немесе есірткі заттарға тәуелді, балалық шақта өзі де осындай зорлық-зомбылықтың құрбаны болған ата-анамен өмір сүріп жатқан балалардың осындай зорлық-зомбылыққа ұшырау қаупінің тым жоғары екендігін (World Health Organization. Global status report on preventing violence against children 2020: executive summary) Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы да жоққа шығармайды.

### **Қорытынды.**

Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау әрбір азаматты қоса алғанда қоғам мен мемлекеттің міндеті болып табылатындықтан мәселесі қай уақытта болмасын өзекті болып қала бермек. 2023 жылы еліміздің БҰҰ-ның бала құқықтарын қорғаудағы әмбебап халықаралық құралы – Бала құқықтары туралы Конвенциясын ратификациялағанына 29 жыл толды. Осы

уақыт аралығында елімізде балалардың қауіпсіздігі, олардың жан-жақты дұрыс дамып, жетілулері үшін орасан зор жұмыстар атқарылды. Бала құқықтарын жақсарту саласында ондаған нормативтік-құқықтық актілер қабылданып, ұлттық мамандандырылған құқық қорғау тетіктері қалыптастырылды, көптеген халықаралық конвенциялар ратификацияланды. 2002 жылдан бері мемлекеттегі адам мен азаматтардың (балаларды қоса алғанда) құқықтары мен бостандықтарын қорғау, бұзылған құқықтарын қалпына келтіру саласында барлық үкіметтік емес ұйымдармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, халықаралық ұйымдармен бірлесе отырып адам құқықтарын жетілдіру бойынша қызметтерді атқаратын Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл (Омбудсмен) институты құрылды. 2016 жылы ақпан айында Президенттің жарлығымен құрылған Бала құқықтары жөніндегі Уәкіл Институты (Бала омбудсмені) қазіргі уақытта өз қызметін белсенді түрде атқаруда.

Бала құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы маңызды қадамның бірі 2024 жылы іске асты. Бұл қадам 2024 жылы 14 маусымда ҚР Оқу- ағарту министрінің м.а. №149 бұйрығымен (World Health Organization. Global status report on preventing violence against children 2020: executive summary) байланысты. Онда Өңірлік балалар Омбудсменінің елдегі балалардың құқықтарының, еркіндіктерінің, заңды мүдделерінің негізгі кепілдіктерін қамтамасыз етумен бірге оларды бұзу деректері орын алған жағдайларда қалпына келтіруге де құзыретті екендігі айтылған. Оның өз қызметін тиісінше аумақтық құрылымда мемлекеттік және қоғамдық институттармен жұмыла отырып, қоғамдық негізде қызмет атқаратын тұлға екендігі де осы құжатта баяндалған.

Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған мемлекеттік деңгейдегі түрлі шаралар жүзеге асырылып жатқанына қарамастан, бұл салада жедел шешім қабылдауды қажет ететін мәселелер бар. Оларды шешу үшін :

1. Зерттеулер кәмелетке толмағандардың құқықтарының қолайсыз отбасыларды орын алу деңгейінің жоғарылығын көрсетеді. Осы тұста балалардың құқықтарын қорғауда қамқоршылық және қорғаншылық органдарының рөлін белсендіру қажет. Бұл дегеніміз, бірінші кезекте осы сала мамандарының санын арттырып, білім және денсаулық сақтау саласы, құқық қорғау құрылымдарымен үйлесімді қызмет атқаруын ұйымдастыру.

2. Кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу мен білім беруге саласына тікелей жауапты мемлекеттік мекемелердің құқықтық жауапкершілік деңгейін көтеру.

3. Кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігі- маңызды міндет. Осыған орай кәмелетке толмағандардың ата-аналары, отбасы мүшелері, жауапты тұлғалардың (ата-ана, арнайы мекемелердің жауапты қызметкерлері) құқықтық сауаттылық деңгейлерін жоғарылату жұмыстарының сапасын арттыру.

4. Халықаралық тәжірибеге көз жүгіртсек орта білім беру мекемелерінде білім алатын шамамен 500 балаға бір психологтан келеді. ҚР

Балалардың құқықтарын қорғау Комитеті хабарлағандай, қазірге таңда еліміздегі бір мектеп психологы орта есеппен 2000 балаға қызмет көрсетеді. Мектеп психологтары балаларға диагностика жүргізу, түзету жұмыстарын жоспарлау, балаларға кеңестер беру, жұмысы бойынша түрлі хаттамалар мен мұқабаларды толтыру секілді қосымша уақыт пен күшті қажет ететін шамадан тыс жүктемелерді атқарады. Нәтижесінде ең қажетті тәжірибелік сабақтарды жүргізуге олардың уақыты мен физикалық ресурстары жете бермейді. Жүктеменің шамадан тыс артық салмағы - психологтардың мектептегі кәметке толмаған балалармен жүргізілуі тиіс ең басты жұмыстарына қолбайлау болып жатады.

3. Мүмкіндігі шектеулі балалардың белгілі бір бөлігі жалпы орта білім беру жүйесіне тартылмаған, олардың кейбірі үйден оқытылса, енді бір бөлігі арнайы білім беру мекемелеріне қабылданған (жүйке жүйесі немесе қозғалыс қимыл мүмкіндіктерінде бұзылулары бар). Аталған балалар ерекше назарда болуы қажет. Мұндай балалар мүгедектікке өтудің белгіленген кезеңіне дейінгі уақытта баланың тұрғылықты тіркелген медициналық мекемесі тарапынан міндетті түрде бақылауда болуы қажет.

4. Елімізде мүмкіндігі шектеулі балаларға қатысты орын алатын қылмыстық құқықбұзушылықтар бойынша арнайы жүйеленген статистикалық есептің болмауы аталмыш санаттағы балалардың құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіруге жол бермейді. Ақпараттың шашыраңқы сипаты мұндай балаларға қатысты жасалынатын барлық сипаттағы қылмыстық құқықбұзушылықтардың нақты ауқымын анықтау, сол арқылы алдын алу шараларын жүйелі түрде жоспарлау мүмкіндіктерін жоққа шығарады. Осыған байланысты 2003 жылы 22 желтоқсанда қабылданған «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» Қазақстан Республикасының №345 заңын (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2024 жылғы 19 маусымдағы №149 бұйрығы) дербес статистикалық есеп жүргізу міндеттемесін белгілейтін жаңа нормамен толықтыру ұсынылады. Аталған толықтыру мынадай мәтінде ұсынылады:

«8-1-бап. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің айрықша міндеттері

1. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері өз өкілеттіктері шегінде:

1) Мемлекеттік құқықтық статистика жүйесінде жәбірленушінің әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктері: жасы, жынысы, денсаулық жағдайы (оның ішінде мүгедектік мәртебесі) бойынша дербес есеп жүргізуге;

2) Әлеуметтік осал топтарға, соның ішінде мүгедектігі бар балаларға қатысты орын алған қылмыстық құқықбұзушылықтар бойынша құқық қорғау органдарының ақпараттық жүйелерінде арнайы есепке алу бөлімін қалыптастыруға;

3) Әлеуметтік осал топтарға, соның ішінде мүгедектігі бар балаларға қатысты орын алған қылмыстық құқықбұзушылықтар бойынша қалыптастырылған есепті бірыңғай электрондық базаға енгізуге міндетті»

«Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» заңның 13-бабында құқықтық статистика мен арнайы есепке алу объектілері анықталғанымен, әлеуметтік сипаттамаларға қатысты жеке талаптар қарастырылмаған. Біз ұсынып отырған толықтырулар мемлекеттік құқықтық статистиканы толық және сапалы түрде жүргізуге, мемлекеттік саясатты нақты деректерді негізге алып жүргізуге, ең бастысы мүгедектігі бар балаларға қатысты орын алатын қылмыстық құқықбұзушылықтарды терең талдауға кең мүмкіндіктер тудырады деп санаймыз.

### Әдебиеттер

1 International Covenant on Civil and Political Rights. General Assembly resolution 2200A (XXI) 16 December 1966. URL: <https://www.ohchr.org/en/instruments-mechanisms/instruments/international-covenant-civil-and-political-rights> (өтінім берілді: 25.09.2025)

2 Convention on the Rights of the Child. 20 November 1989. URL: <https://www.ohchr.org/en/instruments-mechanisms/instruments/convention-rights-child> (өтінім берілді: 25.09.2025)

3 М.Ю. Краева, Л. Э. Зотова. Профилактика и выявление насилия над детьми в замещающих семьях. – Москва, 2017. - 130 с.-книга.

4 «Касым-Жомарт Токаев: Экономический курс Справедливого Казахстана» // URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-ekonomicheskii-kurs-spravedlivogo-kazahstana-18588> (өтінім берілді: 25.09.2025)

5 Абдраманова Н. К., Алауханов Е.О. «Преступления против половой неприкосновенности несовершеннолетних в Республике Казахстан и их латентность». Вестник Томского государственного университета. Право. № 47. 2023г. С. 9.

6 Ергалимова А.Н. «Халықаралық құқық нормаларына сәйкес кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығын мемлекетішілік қорғаудың өзекті мәселелері». -Евразийский журнал международного права. №3. 2023г. С.94 <https://ejil.enu.kz/index.php/main/issue/view/7/7>

7 Алисиевич Е.С. Поощрение и защита прав уязвимых групп в международном праве: учеб. пособие / Е.С. Алисиевич. – М.: РУДН, 2012. – 431 с.-книга.

8 Распределение детей с инвалидностью по нарушениям функций // URL: <https://bala.stat.gov.kz/raspredelenie-detej-s-invalidnostyu-po-narusheniyam-funksij/> (өтінім берілді: 25.09.2025)

9 Медициналық әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары -Еңбек және

халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы №260 бұйрығы. URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300032922> (өтінім берілді: 27.09.2025)

10 World Health Organization. Global status report on preventing violence against children 2020: executive summary. URL: <https://www.who.int/publications/i/item/9789240006379> (өтінім берілді: 25.09.2025)

11 «Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың Бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкіл қызметінің қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2024 жылғы 19 маусымдағы №149 бұйрығы. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400034535> (өтінім берілді: 26.09.2025)

12 Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 22 желтоқсандағы № 510 Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000510> (өтінім берілді: 26.01.2026)

## References

1 International Covenant on Civil and Political Rights. General Assembly resolution 2200A (XXI) 16 December 1966. URL: <https://www.ohchr.org/en/instruments-mechanisms/instruments/international-covenant-civil-and-political-rights>.

2 Convention on the Rights of the Child. 20 november 1989. URL: <https://www.ohchr.org/en/instruments-mechanisms/instruments/convention-rights-child>

3 M.YU. Kraeva, L.E. Zotova. Profilaktika i vyyavlenie nasiliya nad det'mi v zameshchayushchih sem'yah. – Moskva, 2017. - 130 s (In Russian)

4 «Kasym-Zhomart Tokaev: Ekonomicheskij kurs Spravedlivogo Kazahstana» URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-ekonomicheskij-kurs-spravedlivogo-kazahstana-18588>

5 Abdramanova N.K., Alauhanov E.O. Prestupleniya protiv polovoj neprikosновенности nesovershennoletnih v Respublike Kazahstan i ih latentnost'. Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Pravo. № 47. 2023g. S. 9.

6 Ergalimova A.N. «Halykaralyk kukyk normalaryna saykes kameletke tolmarandardyn zhynystyk kolsugylmaushylygyn memleketishilik qorgaudyn ozekti maseleleri». -Evraziyskiy zhurnal mezhdunarodnogo prava. №3. 2023g. S.94 <https://ejil.enu.kz/index.php/main/issue/view/7/7>

7 E.S. Alisievich. Pooshchrenie i zashchita prav uyazvimykh grupp v mezhdunarodnom prave: ucheb. posobie / E.S. Alisievich. – M.: RUDN, 2012. – 431 s.

8 Raspredelenie detej s invalidnost'yu po narusheniyam funkciy. URL: <https://bala.stat.gov.kz/raspredelenie-detej-s-invalidnostyu-po-narusheniyam-funksij/>

9 «Medisinalyq - äleumettik saraptama jürgızu qağidalaryn bekıtu turaly» Qazaqstan Respublikasy Premer –Ministriniñ orynbasary-Eñbek jäne halyqty äleumettik qorğau ministriniñ 2023 jylğy 29 mausymdağy №260 büiryğy. «Ädilet» Qazaqstan Respublikasy normativtik qūqyqtyq aktileriniñ aqparattyq-qūqyqtyq jüiesi <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300032922>

10 World Health Organization. Global status report on preventing violence against children 2020: executive summary. URL: <https://www.who.int/publications/i/item/9789240006379>

11 «Oblystyñ, respublikalyq mañyzy bar qalanyñ, astananyñ Bala qūqyqtary jönindegi öñirlık uäkıl qyzmetiniñ qağidalaryn bekıtu turaly» Qazaqstan Respublikasy Oqu-ağartu ministriniñ m.a. 2024 jylğy 19 mausymdağy №149 büiryğy. «Ädilet» Qazaqstan Respublikasy normativtik qūqyqtyq aktileriniñ aqparattyq-qūqyqtyq jüiesi. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400034535>

12 Memlekettik kukykyk statistika zhane arnajsy esepke alu turaly Kazakstan Respublikasynyn 2003 zhylgy 22 zheltoksandagy № 510 Zany [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000510\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000510_)